

Сауда / сервистік кәсіпорнымен жасалатын интернет-эквайринг қызметін ұсыну туралы шарттың үлгі нысаны

Шартта қолданылатын терминдер мен анықтамалар:

Авторизация – Банк-эмитенттен Тауарларды сатып алатын немесе қызметті пайдаланатын Карточка ұстаушының төлем жасау мүмкіндігін растайтын Карточкалық операцияны жүргізуге рұқсат алу рәсімі.

Аутентификация – Карточкалық операция жүргізу барысында Интернет арқылы төлем жасау кезінде Банк-эмитентпен Карта ұстаушының түпнұсқалығын тексеру рәсімі.

Банктің АБК — келесі функцияларды жүзеге асыратын Банктің аппараттық-бағдарламалық кешені: Кәсіпорынды Авторизация жүргізу жүйесіне қосу; Операция жүргізуге қажетті Карточканың параметрі мен электронды төлемнің өзге құралдарын сұрату үшін Карточка ұстаушымен интерфейсін қамтамасыз ету; Операция жүргізудің әртүрлі кезеңдерінде мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету.

Банк – «Банк ЦентрКредит» АҚ.

Банктік күн – Қазақстан Республикасының банктері банктік операциялар жүргізу үшін ашық болатын күн.

Банк-эквайер – Карточкаларды қолдану арқылы төлем жасау және ақша аудару қызметін ұсынатын банк.

Банк-эмитент – ХТЖ қатысушыларынан Транзакциялар туралы деректерді алатын және Авторизациялауды жүзеге асыратын карточка ұстаушының атына карточкаларды шығаруды іске асыратын банк.

Карточка ұстаушы (Ұстаушы) – Төлем карточкасын беру туралы шартқа сәйкес төлем карточкасын пайдалануға құқылы жеке тұлға (соның ішінде заңды тұлғаның уәкілетті өкілі), немесе, төлем Карточкасы алдын ала төленген болса, оны тікелей иеленетін тұлға.

Динамикалық сәйкестендіру – бірреттік (біржолғы) кодты пайдалану арқылы, электронды банктік қызметтерді алуға, соның ішінде Қосылу туралы шартқа және осы Шарттың қосымшасына қол қою бойынша клиенттің құқықтарын растау мақсатында Клиенттің жеке тұлғасын белгілеу процедурасы.

Типовая форма Договора с Предприятием торговли/сервиса о предоставлении услуг интернет-эквайринга

Термины и определения, используемые в Договоре:

Авторизация – процедура получения разрешения от Банка-эмитента на проведение Карточной операции, подтверждающая возможность оплаты Держателем Карточки приобретаемых Товаров или получаемых Услуг.

Аутентификация - процедура проверки подлинности Держателя карточки Банком-эмитентом при проведении Карточной операции оплаты через Интернет.

АПК Банка — аппаратно-программный комплекс Банка, осуществляющий следующие функции: подключение Предприятия к системе проведения Авторизации; обеспечение интерфейса с Держателем Карточки для запроса параметров Карточки и иных средств электронного платежа, необходимых для проведения Операции; обеспечение мониторинга на различных этапах проведения Операций.

Банк – АО «Банк ЦентрКредит».

Банковский день – день, в который банки Республики Казахстан открыты для проведения банковских операций.

Банк-эквайер – банк, предоставляющий услуги по осуществлению платежей и переводов денег с использованием Карточек.

Банк-эмитент – банк, осуществляющий выпуск карточки на имя Держателя карточки, получающий от участников МПС данные о Транзакциях и осуществляющий Авторизацию.

Держатель карточки (Держатель) – физическое лицо (в том числе уполномоченный представитель юридического лица), имеющее право пользоваться платежной карточкой в соответствии с Договором о выдаче платежной карточки или, если платежная Карточка, предоплаченная непосредственно ею владеющее.

Динамическая идентификация – процедура установления личности Клиента с целью однозначного подтверждения его прав на получение электронных банковских услуг, в т.ч. на подписание Заявления о присоединении и приложений к настоящему Договору путём использования одноразового (единовременного) кода.

Тапсырыс – Кәсіпорын Банкке жолдайтын және Карточка ұстаушы таңдаған тауарлардың және/немесе қызметтердің жалпы сомасы, Кәсіпорын белгілейтін тапсырыстың нөмірі туралы ақпаратты қамтитын электронды құжат.

Тыйым салынған тауарлар – Қазақстан Республикасының заңнамасында, ХТЖ ережелерінде және Шартта белгіленген талаптарды бұзатын, Кәсіпорын іске асыратын және/немесе Кәсіпорынның қызметіне байланысты тауарлардың немесе қызметтердің түрлері. Тыйым салынған тауарлардың түрлері Шарттың 3-қосымшасында көрсетілген.

Интернет – жаһандық компьютерлік желі.

Интернет-ресурс – Кәсіпорынға Тауарларды/қызметтерді сатуға мүмкіндік беретін Интернеттегі электрондық парақ (электрондық парақтар жиынтығы) (соның ішінде Кәсіпорынның web-сайты), мобильдік қосымшасы немесе өзге ақпараттық-технологиялық шешім.

Интернет-эквайринг – Интернет желісінде Карточкаларды қолдана отырып жүргізілген карточкалық операциялар бойынша тауарларды/қызметтерді сатуын жүзеге асыратын кәсіпорынмен Банктің есеп айрысуды жүргізуі.

Төлем картасы (Карточка) – ақшаға электрондық терминалдар немесе өзге құрылғылар арқылы қол жеткізу құралы, карточканың артқы жағында карточканы Ұстаушының қолтаңбасы және карточканы Ұстаушыға карталық операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпарат бар.

Карточкалық операция (Операция, Транзакция) – карточка ұстаушы Кәсіпорынның интернет-ресурсында тауарлар / қызметтер үшін төлем жасау үшін карточканың деректемелері арқылы жүзеге асыратын операция, соның ішінде қайтару операциясы және күшін жою операциясы.

Жеке кәсіпкердің карточкасы – кәсіпкерлік, жеке адвокаттық және нотариаттық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларға арналған, осы Шарт бойынша өтемді қабылдау үшін пайдаланылуы мүмкін Банктің дебеттік төлем картасы.

Халықаралық төлем жүйесі (ХТЖ) – осы төлем Карточкалары Жүйесінің ішкі ережелеріне сәйкес төлемдерді карточкалар арқылы жасауды жүзеге асыруын қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдар,

Заказ – Электронный документ, направляемый Предприятием Банку, и содержащий информацию об общей сумме выбранных Держателем Карточки Товаров и/или Услуг, номере Заказа, который устанавливается Предприятием.

Запрещенные товары – виды товаров или услуг, реализуемых Предприятием и/или связанные с деятельностью Предприятия, нарушающие требования, установленные законодательством Республики Казахстан, правил МПС и Договором. Печень Запрещенных товаров указаны в Приложении 3 Договора.

Интернет – глобальная компьютерная сеть.

Интернет-ресурс – электронная страница (совокупность электронных страниц) в Интернете (в т.ч. Web-сайт Предприятия), мобильное приложение или иное информационно-технологическое решение, позволяющее Предприятию осуществлять реализацию товаров/услуг.

Интернет-эквайринг – осуществление Банком расчетов с Предприятиями, осуществляющими реализацию товаров/услуг по Карточным операциям, совершенным с использованием Карточек в сети Интернет.

Платежная карта (Карточка) – средство доступа к деньгам через электронные терминалы или иные устройства, которое содержит на обороте карточки подпись держателя карточки и информацию, позволяющую держателю карточки осуществлять карточные операции.

Карточная операция (Операция, Транзакция) – операция, осуществляемая Держателем карточки посредством Реквизитов Карточки для оплаты за Товары/услуги на Интернет-ресурсе Предприятия, в том числе Операции возврата и Операции отмены.

Карточка индивидуального предпринимателя – дебетовая платежная карта Банка для физических лиц, осуществляющих предпринимательскую, частную адвокатскую и нотариальную деятельность, которая может быть использована для приема Возмещения по настоящему Договору.

Международная платежная система (МПС) – совокупность программно-технических средств, документации и организационно-технических мероприятий, обеспечивающих осуществление платежей с использованием

құжаттама және ұйымдастыру-техникалық шаралар жиынтығы.

Алаяқтық операция – ХТЖ және/немесе Банк-эмитентпен алаяқтық ретінде және/немесе карточканы Ұстаушымен дауланған ретінде мәлімделген операция. Жүзеге асырылған Карталық операциялардың алаяқтығын жеткілікті растауы ретінде Банк электронды нысанда немесе факсимильді байланыс арқылы алған Банк-эмитенттердің мәлімдемелері және/немесе ХТЖ-ның (ХТЖ-мен көрсетілген Қазақстан Республикасындағы өкілдіктерінің) растаулары болып табылады.

Рұқсат етілмеген карточкалық операция – рұқсат етілген карталық операцияға қойылатын талаптарды бұзу арқылы жүзеге асырылған карталық операция. Рұқсат етілмеген карталық операция ретінде сондай-ақ карточканы заңды ұстаушысы болып табылмайтын тұлғамен іске асырылған карталық операция немесе құпиялы түрде пайда болған төлем карточкасы туралы мәліметтер, сондай-ақ оны жүзеге асыру барысында жарамсыз чек рәсімделген карталық операция болып табылады. Рұқсат етілмеген операциялардың тізбесі Шарттың 8-бабында көрсетілген.

Операциялық күн – Карточкалық операциялар жүзеге асырылған, бір күнтізбелік тәулікке теңі уақыт кезеңі.

Қайтару операциясы – карточка ұстаушының банктік шотына Кәсіпорынның бастамасымен бұрын жасалған төлем жасау операциясы бойынша ақша қаражаттарын толықтай немесе ішінара қайтарған кезде карточканы пайдалану арқылы жасалатын есеп айырысу операциясы. Қайтару операциясының сомасы бастапқы Төлем жасау операциясының сомасынан аспайды.

Күшін жою операциясы – ағымдағы операциялық күн үшін карточкалық операцияның күшін жою мақсатында кәсіпорын жүзеге асыратын операция. Күшін жою операциясы карточкалық операция жүзеге асырылған операциялық күн жабылғанға дейін орындалады. Күшін жою бойынша барлық операциялар қайтару операциясын пайдалану арқылы келесі операциялық күні орындалады.

Төлем жасау операциясы – карточка ұстаушының тауарды / қызметті сатып алу мақсатында интернет-ресурстағы тапсырмасы бойынша Банк жүргізетін және ол бойынша

карточек в соответствии с внутренними правилами данной Системы платежных Карточек.

Мошенническая операция – операция, заявленная МПС и/или Банком-эмитентом как мошенническая и/или оспоренная Держателем карты. Достаточным подтверждением мошеннического характера проведенных Карточных операций являются заявления Банков-эмитентов и/или подтверждения МПС (представительств, указанных МПС в Республике Казахстан), полученные Банком в электронном виде или с использованием факсимильной связи.

Несанкционированная карточная операция – карточная операция, осуществленная с нарушением требований к санкционированной карточной операции. Несанкционированной карточной операцией является также карточная операция, осуществленная с использованием фальшивой карточки, лицом, не являющимся законным держателем карточки или добытые тайным путем данные о платежной карточке, а также карточная операция, при осуществлении которой был оформлен недействительный чек. Перечень несанкционированных операции отражены в статье 8 Договора.

Операционный день – период времени, равный одним календарным суткам, в течение которого производились Карточные операции.

Операция возврата – расчетная операция, совершаемая с использованием Карточки при полном или частичном возврате денежных средств по ранее совершенной Операции оплаты по инициативе Предприятия на банковский счет Держателя Карточки. Сумма Операции возврата не может превышать сумму исходной Операции оплаты.

Операция отмены – операция, выполняемая Предприятием с целью отмены Карточной операции за текущий Операционный день. Операция отмены выполняется до закрытия Операционного дня, в котором была проведена Карточная операция. Все операции отмены на следующий Операционный день совершаются путем использования Операции возврата.

Операция оплаты — операция, осуществляемая с использованием Карточки с обязательной Авторизацией, проводимая Банком по поручению Держателя Карточки в

шот қалыптастырылған міндетті түрде авторизациялау арқылы карточканы пайдаланумен жүзеге асырылатын операция.

Аудару, өтеу — әр Банктік күн үшін Банк Кәсіпорынға аударуы тиіс және Қайтару операциясы мен Банктің комиссиясын қоспағанда төлем жасау операциясын, сонымен қатар төлемі Шарттың талаптарында көзделген өзге төлемдерді қамтитын ақша қаражаттарының сомасы. Банктің комиссиясының мөлшері Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Кәсіпорын туралы деректердің негізінде айқындалады. Банктің комиссиясының мөлшері туралы ақпарат осы Шартқа Қосылу туралы өтініште көрсетілген және Банк тарапынан біржақты тәртіппен өзгертілуі мүмкін.

Төлем нысаны – карточканы Ұстаушы карточканың деректерін енгізу үшін қолданатын HTML-парақ.

ХТЖ ережелері – ХТЖ айқындайтын және белгілейтін нормалар, ережелер және талаптар.

Сауда/сервис кәсіпорны (Кәсіпорын) – сатудың / ұсынудың талаптары мен тәртібі туралы ақпаратты, сондай-ақ Банктің Интернет-ресурсында/Web – сайтында/Web – сайтта немесе мобильді қосымшасында Тапсырысты ресімдеу мүмкіндігін іске асыру үшін қажетті құралдарды орналастыру арқылы тауарларды / қызметтерді сатуды жүзеге асыратын заңды тұлға немесе заңды тұлғаны құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға.

SSL хаттамасы – Secure Sockets Layer – Шартқа сәйкес өткізілген және ақпаратпен алмасқан кезде карточка ұстаушы мен авторизациялық сервердің арасындағы байланыс арнасын қорғайтын хаттама.

Тізілім — Банк қалыптастыратын және Банк өндеген барлық операциялардың тізбесін қамтитын, әр күнтізбелік күн (немесе егер Тізілім бірнеше күн үшін қалыптастырылатын болса, күндер) бойынша сома көрсетілген электронды түрдегі есеп. Тізілімнің нысаны Шарттың 4-қосымшасында көрсетілген.

Карточканың деректемелері – Карточкада қамтылған және/немесе сонда сақталатын ақпарат: карточканың нөмірі, жарамдылық мерзімі, CVV2 немесе CVC2 код.

Кәсіпорынның ағымдағы шоты – Банкте ашылған, Шарттың аясында төлемдерді жүргізу үшін қолданылатын және Шарттың Қосылу туралы өтінішінде көрсетілген

Интернет-ресурсе в целях приобретения им Товаров/Услуг и по которой был сформирован Счет.

Перечисление, Возмещение — сумма денежных средств, подлежащая перечислению Банком Предприятию за каждый Банковский день и состоящая из Операций оплаты за вычетом Операций возврата и комиссии Банка, а также иных платежей, оплата которых предусмотрена условиями Договора. Размер комиссии Банка определяется Банком на основании данных о Предприятии в соответствии с внутренними документами Банка. Информация о размере комиссии Банка указана в Заявлении о присоединении к настоящему Договору и может быть изменена Банком в одностороннем порядке.

Платежная форма – HTML-страница, которая используется Держателем карточки для ввода Реквизитов карточки.

Правила МПС – нормы, правила и требования, определяемые и установленные МПС.

Предприятие торговли/сервиса (Предприятие) – юридическое лицо либо физическое лицо, осуществляющее предпринимательскую деятельность без образования юридического лица, осуществляющее продажу товаров/услуг путем размещения информации об условиях и порядке такой продажи/предоставления, а также инструментов для реализации возможности оформления Заказа в Интернет-ресурсе/Web – сайте/Web – сайте Банка или в мобильном приложении.

Протокол SSL – Secure Sockets Layer – протокол, защищающий канал связи между Держателем Карточки и Авторизационным сервером при прохождении и обмене информацией в соответствии с Договором.

Реестр — отчет в электронном виде, формируемый Банком и содержащий перечень всех обработанных Банком Операций с указанием сумм за каждый календарный день (или дни, в случае если Реестр формируется за несколько дней). Форма Реестра указана в Приложении 4 к Договору.

Реквизиты Карточки – информация, содержащаяся на Карточке и/или хранящаяся в ней, включающая: номер Карточки, срок действия Карточки, CVV2 или CVC2 код.

Текущий счет Предприятия – банковский счет Предприятия, открытый в Банке, используемый для осуществления платежей в рамках Договора, и указанный в Заявлении о

Кәсіпорынның банктік шоты.

Банктің тарифтері – ұсынылатын банктік және өзге қызметтер үшін алынатын, Банктің комиссиялық сыйақысының бекітілген және қолданыстағы мөлшері.

Транзакция – нәтижесінде карточка ұстаушының шотын дебеттеу немесе кредиттеу жүргізілетін, карточканың деректемелері арқылы тауарды сатып алу немесе қызметті алу үшін жүзеге асырылатын операция.

Стандарт PCI DSS (Payment Card Industry Data Security Standard) – Халықаралық төлем жүйесі әзірлеген және олардың қатысушылары карточканы пайдалану арқылы операция жүргізген кезде ақпаратпен алмасу үшін пайдаланатын ақпаратты қорғау стандарты.

Тауар / қызмет – Кәсіпорын карточканы Ұстаушыға Интернет-ресурсты қолдана отырып іске асыратын тауар, жұмыс, қызмет.

3D Secure – Visa Inc. и MasterCard Worldwide ХТЖ арасында әзірленген, Рұқсат етілмеген карталық операциялар қаупін төмендету және Карточкалар бойынша Интернет желісіндегі операцияларды жүргізу барысында жоғары қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Интернет арқылы online режимінде Карталық операцияларды жүргізу барысында Карточканы Ұстаушыны сәйкестендіру технологиясы.

Chargeback/Dispute – Эмитент-банктің Кәсіпорын Шарт аясында төлемі жасалған Тауарды жеткізу немесе қызметті ұсыну бойынша міндеттемелерін тиісті дәрежеде орындамаған жағдайда, немесе Эмитент-банкке карт-шотынан төлем жасалған Карточка ұстаушыдан тауар немесе қызмет үшін аталған карт-шоттан ақшаның заңсыз есептен шығарылуы туралы өтініш келіп түскен жағдайда карточка ұстаушыға дауланатын транзакция сомасын қайтару қажеттілігі туралы талабы.

CVC2 — Card verification code — бұл MasterCard ХТЖ термині, карточканың көрсетілген деректемелерінің дұрыстығын қосымша тексеруге және есеп айырысудың қауіпсіздігін арттыруға арналған үш таңбалы код, қол қоюға арналған жолда көрсетілген және карточканы ұсынбай-ақ төлем жасау операциясын жүргізген / қолмен енгізген кезде карточка ұстаушыны сәйкестендіру үшін қолданылады.

CVV2 — Card verification value — Visa ХТЖ

присоединении к Договору.

Тарифы Банка – утвержденные и действующие размеры комиссионного вознаграждения Банка, взимаемые за оказываемые им банковские и иные услуги.

Транзакция – операция, осуществляемая посредством Реквизитов Карточки для приобретения Товаров или получения Услуг, следствием которой является дебетование или кредитование счета Держателя Карточки.

Стандарт PCI DSS (Payment Card Industry Data Security Standard) – стандарт защиты информации, разработанный Международными Платежными Системами и используемый их участниками при обмене информацией в рамках проведения операций, совершенных с использованием Карточек.

Товар/услуга – товар, работа, услуга, реализуемые Предприятием Держателю Карточки с использованием Интернет-ресурса.

3D Secure – разработанная МПС Visa Inc. и MasterCard Worldwide технология идентификации Держателя Карточки в процессе проведения Карточной операции в режиме online через Интернет, с целью снижения риска Несанкционированных карточных операций и обеспечения повышенной безопасности проведения операций по Карточкам в сети Интернет.

Chargeback/Dispute – требование Банка-эмитента о необходимости возврата Держателю Карточки суммы оспариваемой Транзакции в случае ненадлежащего исполнения Предприятием обязательств по поставке Товаров или предоставлению Услуг, оплаченных в рамках Договора, или в случае поступления в Банк-эмитент заявления Держателя Карточки, с карт-счета которого произведена оплата, о неправомерном списании денег с данного карт-счета в оплату Товаров или Услуг.

CVC2 — Card verification code — это термин МПС MasterCard, трехзначный код для дополнительной проверки корректности указанных реквизитов Карточки и повышения безопасности расчетов, напечатан на полосе для подписи и служит для проведения аутентичности Держателя Карточки при проведении Операции оплаты без предъявления Карточки/ручным вводе.

CVV2 — Card verification value — термин

термині. CVC2 MasterCard терминіне ұқсас.

Осы Сауда / сервис кәсіпорнымен (**бұдан әрі – Кәсіпорын**) жасалатын интернет-эквайринг қызметін ұсыну туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) Кәсіпорын мен «Банк ЦентрКредит» АҚ (бұдан әрі – Банк) арасындағы қатынастарды реттейді, Банк Кәсіпорыннан Кәсіпорынның уәкілетті өкілі қол қойған Шарттың 1-қосымшасына сәйкес Сауда / сервис кәсіпорнымен жасалатын интернет-эквайринг қызметін ұсыну туралы шарттың үлгі нысанына қосылу туралы өтінішті (бұдан әрі – Қосылу туралы өтініш) қабылдағаннан кейін және Кәсіпорын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген құжаттарды ұсынғаннан кейін ол жасалған болып есептеледі және күшіне енеді. Қосылу туралы өтінішке Клиент динамикалық сәйкестендіруді пайдалану арқылы «ВСС Business» мобильді қосымшасында электронды түрде қол қоюы мүмкін, бұл ҚР АҚ 152-бабы аясында мәміленің жазбаша нысанына теңестіріледі.

1. Шарттың мәні

1.1. Шарт Интернет-дүкенде жасалатын операцияларды жүзеге асыратын кезде Банк пен Кәсіпорын арасындағы өзара бірлесіп әрекет ету тәртібін, сондай-ақ Банк пен Кәсіпорын арасындағы есеп айырысу тәртібін айқындайды.

2. Карточканы пайдалана отырып операциялар жүргізу тәртібі

2.1. Банк Шарттың 2-қосымшасы болып табылатын Интернет-эквайрингке арналған өтінімде көрсетілген бөлшектер (бұдан кейін – өтінім) бойынша Банктің АБК-да Интернет-ресурсты тіркеу үшін қажетті іс-әрекеттерді жасайды.

2.2. Карточканы ұстаушы Интернет арқылы Интернет-ресурстың сайтына қосылады, нөмір берілетін тапсырысты қалыптастырады және төлем жасау нысанын – карточка арқылы таңдайды және оны Интернет-ресурсқа одан әрі өңдеуге жібереді.

2.3. Интернет-ресурс сатып алу үшін деректерді өңдейді және карточка ұстаушыны төлем нысанына бағыттайды. Сонымен бірге, мысалы: интернет-дүкеннің сәйкестендіру нөмірі, Тапсырыс нөмірі, валютасы, төлем сомасы сияқты қажетті параметрлер және

МПС Visa. Свойства по аналогии с термином CVC2 MasterCard.

Настоящий Договор с Предприятием торговли/сервиса (далее – **Предприятие**) о предоставлении услуг интернет – эквайринга (далее – Договор), регулирует отношения между Предприятием и АО «Банк ЦентрКредит» (далее – Банк), который считается заключенным и вступает в силу после принятия Банком от Предприятия - **Заявления о присоединении к Типовой форме Договора с Предприятием торговли/сервиса о предоставлении услуги интернет-эквайринга** (далее - Заявление о присоединении) в соответствии с Приложением №1 Договора, подписанного уполномоченным представителем Предприятия и предоставления Предприятием документов, предусмотренных действующим законодательством Республики Казахстан и внутренними нормативными документами Банка. Заявление о присоединении может быть подписано Клиентом в электронном виде в Мобильном приложении системы «ВСС Business» с использованием динамической идентификации, что приравнивается к письменной форме сделки в рамках статьи 152 ГК РК.

1. Предмет договора

1.1. Договор определяет порядок взаимодействия между Банком и Предприятием при осуществлении Операций, совершаемым в Интернет-магазине, а также порядок расчетов между Банком и Предприятием по ним.

2. Порядок проведения операций с использованием карточки

2.1. Банк совершает необходимые действия для регистрации Интернет-ресурса в АПК Банка по указанным в Заявке на Интернет-эквайринг деталям, являющейся Приложением №2 к Договору (далее – Заявка).

2.2. Держатель карточки через Интернет подключается к сайту Интернет-ресурса, формирует Заказ, которому присваивается номер и выбирает форму оплаты – через Карточку, и передает его на дальнейшую обработку Интернет-ресурсу.

2.3. Интернет-ресурс обрабатывает данные для совершения покупки и переадресовывает Держателя Карточки на Платёжную форму. При этом одновременно на АПК Банка передаются необходимые параметры, такие как: идентификационный номер Интернет-

техникалық құжаттамада сипатталған басқа параметрлер Банктің АБК-ға бір уақытта беріледі,

2.4. Карточка ұстаушы төлем нысанын толтыру арқылы Банктің АБК-ге өз карточкасының параметрлері: карточкасының нөмірі, CVC2 немесе CVV2 мәні, карточкасының қолданыс мерзімінің аяқталу күні туралы ақпаратты береді, олар Карточкада жазылғандай, бұл бір мезгілде карта ұстаушының төлем жасауға келісінмін растау болып табылады және Банк сұратуы мүмкін өзге де параметрлерді ұсынады.

2.5. Банк Карточка ұстаушының карточкасының деректемелері туралы ақпараттың қорғалған түрде Банктің АБК-ге ғана берілетініне және Банктің төлем нысанын пайдаланған кезде кәсіпорынға немесе үшінші тұлғаларға берілмейтініне кепілдік береді.

2.6. Банктің АБК-сі карточка ұстаушы карточкасының енгізілетін параметрлері форматының дұрыстығын тексереді және ұстаушыны сәйкестендірудің қосымша процедураларын жүзеге асыра алады.

2.7. Банк Интернет-ресурстың Банктің АБК-де интернет-ресурсты тіркеуге сәйкес төлем операциясын жүргізу құқығын тексереді, оның ішінде ХТЖ-да Интернет-ресурстың болуын, сондай-ақ авторизациялау сауалының ХТЖ ережелерінің талаптарына сәйкестігін тексереді.

2.8. Банк тексерулердің немесе аутентификациялаудың теріс нәтижесін алған кезде Банк АБК арқылы бас тартудың себептерін көрсете отырып, Интернет-ресурсқа төлем операциясын жүргізуден бас тарту туралы хабарлама жібереді.

2.9. Сауалды тексерудің барлық процедуралары белгіленген нормативтерге сәйкес келген және/немесе аутентификациялаудан сәтті өткен жағдайда, Банктің АБК-нен сауал авторизациялауға беріледі.

2.10. Банк авторлауды тиісті ХТЖ-да белгіленген тәртіппен жүргізеді.

2.11. Банк авторизациялаудың теріс нәтижесін алған кезде Банк өзінің АБК арқылы бас тарту себептерін көрсете отырып, интернет-ресурсқа және карточка ұстаушыға бас тарту туралы хабарлама жібереді.

2.12. Авторизациялаудың оң нәтижесі болған кезде Банк өзінің АБК-сі арқылы Интернет-ресурсқа авторизациялаудың оң нәтижесін

магазина, номер Заказа, валюта, сумма платежа и прочие параметры, описанные в технической документации.

2.4. Держатель карточки путем заполнения Платежной формы передает на АПК Банка информацию о параметрах своей Карточки: номер Карточки, значения CVC2 или CVV2, дату окончания срока действия Карточки, как они написаны на Карточке, что одновременно является подтверждением согласия Держателем карты совершить платеж, и прочие параметры, которые может запросить Банк.

2.5. Банк гарантирует, что информация о реквизитах Карточки Держателя Карточки передается в защищенном виде исключительно в АПК Банка и не предоставляется Предприятию или третьим лицам при использовании Платежной формы Банка.

2.6. АПК Банка проверяет корректность формата вводимых параметров Карточки Держателя Карточки и может осуществить дополнительные процедуры аутентификации Держателя.

2.7. Банк проверяет право Интернет-ресурса провести Операцию оплаты в соответствии с регистрацией Интернет-ресурса в АПК Банка, в том числе проверяет наличие Интернет-ресурса в МПС, а также соответствии запроса Авторизации требованиям Правил МПС.

2.8. При получении Банком отрицательного результата проверок или аутентификации Банк через АПК Банка отправляет уведомление об отказе в осуществлении Операции оплаты Интернет-ресурсу, с указанием причин отказа.

2.9. При успешном прохождении всех процедур проверок запроса установленным нормативам и/или аутентификации, запрос из АПК Банка передается на Авторизацию.

2.10. Банк проводит Авторизацию в установленном порядке соответствующих МПС.

2.11. При получении Банком отрицательного результата Авторизации Банк через АПК Банка отправляет уведомление об отказе Интернет-ресурсу и Держателю Карточки, с указанием причин отказа.

2.12. При положительном результате Авторизации Банк через АПК Банка передает подтверждение положительного результата

растауға береді. Бұл кезде карточка ұстаушыға экранда чекті одан әрі басып шығару үшін чекке шығарылатын ақпарат көрсетіледі.

2.13. Авторизациялаудың оң нәтижесі болған кезде кәсіпорынның эмитент Банк арқылы карточка ұстаушының карточкалық базасындағы ағымдағы шотындағы ақшаны екі сатылы операция жүргізетін кезде авторизациялау сомасына бұғаттауға техникалық мүмкіндігі болады.

2.14. Шарттың 2.13-тармағына сәйкес карточка ұстаушының карточкалық базасындағы ағымдағы шоттағы ақшаны бұғаттаған кезде кәсіпорын төлем операциясының растамасын жіберуі тиіс. Егер кәсіпорын авторизациялауды авторизациялық сауал ұсынылған сәттен бастап 6 күнтізбелік күн ішінде растамаса, онда авторизациялау автоматты түрде жойылады.

2.15. Бір сатылы операциялар бойынша тауарларға және/немесе қызметтерге ақы төлеу үшін карточка ұстаушының ақшасын есептен шығару автоматты түрде жүргізіледі.

2.16. Авторизациялаудың оң нәтижесі туралы растауды алғаннан кейін Интернет-дүкен карточка ұстаушыға тауарды/қызметті ұсынады/көрсетеді.

2.17. Сатылған тауарлар және/немесе көрсетілген қызметтер үшін ақшаны Банк Шарттың 3-бабына сәйкес кәсіпорынның банктік шотына аударады.

2.18. Ақша қаражатын аудару Банк авторизациялауды сәтті өңдегеннен кейін жүзеге асырылады.

2.19. Банк әрбір жұмыс күні кәсіпорын үшін Банк алатын комиссия мөлшерін көрсете отырып, алдыңғы күн үшін (егер ол демалыс немесе мереке күндері болса, оның алдындағы күндері) операциялар тізілімін қалыптастырады. Операциялар тізілімін кәсіпорын жеке кабинетте жүктеп алу үшін қол жетімді немесе тізілімді жеке кабинет арқылы алу мүмкіндігі болмаған жағдайда, support-ecom@bcc.kz Банктің email сауалы бойынша ұсынады. Банк тізілімді кемінде бір күнтізбелік күн ішінде ең болмағанда бір операция болған кезде қалыптастырады.

2.20. Тараптар арасында ақпарат алмасу Тараптар қосымша келіскен байланыс арналары мен мекенжайлары бойынша жүзеге асырылады.

3.Тараптардың өзара есеп айырысуы

3.1. Тараптар арасындағы өзара есеп айырысу Қазақстан Республикасының ұлттық

Авторизации Интернет-ресурсу. При этом Держателю Карточки на экране отображается информация, выводимая в чек, для последующей распечатки чека.

2.13. При положительном результате Авторизации Предприятие имеет техническую возможность через Банк-эмитент воспроизвести блокирование денег на Текущем счете в карточной базе Держателя Карточки на сумму Авторизации при двухстадийных операциях.

2.14. При блокировании денег в соответствии с пунктом 2.13. Договора на Текущем счете в карточной базе Держателя Карточки Предприятие должно отправить подтверждение Операции оплаты. Если Предприятие не подтвердит Авторизацию в течение 6 календарных дней с момента выставления Авторизационного запроса, то Авторизация будет отменена автоматически.

2.15. По одностадийным операциям списание денег Держателя Карточки для оплаты Товаров и/или Услуг производится автоматически.

2.16. После получения подтверждения о положительном результате Авторизации Интернет-магазин предоставляет/оказывает Товар/Услугу Держателю Карточки.

2.17. Перечисление за реализованные Товары и/или предоставленные Услуги производится Банком на банковский счет Предприятия в соответствии со статьей 3 Договора.

2.18. Перечисление денежных средств осуществляется после успешной обработки Банком Авторизации.

2.19. Каждый рабочий день Банк формирует для Предприятия Реестр Операций за предыдущий день (предыдущие дни, если это были выходные или праздничные дни) с указанием размера комиссии, взимаемой Банком. Реестр Операций доступен для скачивания Предприятием в Личном кабинете или предоставляется по запросу на email Банка support-ecom@bcc.kz, в случае отсутствия возможности выгрузить реестр через личный кабинет. Реестр формируется Банком при наличии хотя бы одной Операции за один календарный день.

2.20. Обмен информацией между Сторонами осуществляется по дополнительно согласованным Сторонами каналам связи и адресам.

3. Взаиморасчеты сторон

3.1. Взаиморасчеты между Сторонами производятся в национальной валюте

валютасымен жүргізіледі. Банк Қосылу туралы өтініште көрсетілген деректемелер бойынша Шартта көрсетілген мерзімде кәсіпорынға ақшаны теңгемен аударады. Бұл кезде Банк осындай операциялар өңделген кәсіпорынға ақша аударылатын күн үшін барлық қайтару операцияларын ескереді. Банктің корреспонденттік шотынан ақша қаражатын есептен шығарған күн Банктің кәсіпорынға ақша аударымын аудару жөніндегі міндеттемесін орындаған күні болып есептеледі.

3.2. Жұмыс күндері өңдеуден өткен операциялар бойынша Банк аударымды кәсіпорынға есепті жұмыс күнінен кейінгі күннен кешіктірмей, ал жұмыс істемейтін күндері өңдеуден өткен операциялар бойынша есепті жұмыс істемейтін күннен кейінгі бірінші жұмыс күнінен кешіктірмей аударады. Осы Шартта реттелмеген барлық жағдайларда, Тараптар аударымды аудару үшін өзге мерзімді келісуге құқылы. Банк аударымды аудару мерзімін біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы.

3.3. Шарттың 3.1-тармағына сәйкес Банктің комиссиялық сыйақысын төлеу Банктің осындай сыйақы сомасын кәсіпорынның ағымдағы шотына аударуға тиісті ақша сомасынан ұстап қалуы арқылы жүргізіледі, бұл кезде, кәсіпорын Банктің комиссиялық сыйақысын ұстап қалғаннан кейінгі төлем сомасын алады.

3.4. Төленген тауарлар/қызметтер бойынша қаражатты ішінара немесе толық қайтару операциясын қалыптастыру арқылы жүргізіледі. Карточканы ұстаушыға немесе Клиентке қаражатты қайтаруға, сондай-ақ қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз нысанда өзге жолдармен өтемақы төлеуге жол берілмейді. Қайтару операциясы қайтару операциясының сомасын қайтару бойынша кәсіпорынның Банк алдында міндеттеме туындағанының растауы болып табылады. Қайтару операциясын жасаған кезде төлем операциясын жасағаны үшін бұрын Банк ұстап қалған комиссия қайтарылмайды.

3.5. Егер Банк аударымда қайтару операцияларының сомасын ескермеген және/немесе аударымнан талаптар сомасын, сондай-ақ осы Шартта көзделген негіздер бойынша кәсіпорында Банк алдында туындаған кез келген берешекті ұстап қалуды жүзеге асырмаған жағдайда, Банк кәсіпорынға қайтару операциясының және/немесе тиісті талаптың және/немесе берешектің тиісті

Республики Казахстан. Банк переводит Перечисление Предприятию в тенге по указанному в Заявлении о присоединении реквизитам, в сроки, указанные в Договоре. При этом Банк вычитывает все Операции возврата за день подлежащем переводу Предприятию Перечисления, в котором были обработаны такие Операции. Датой исполнения Банком обязательства по переводу Перечисления Предприятию считается дата списания денежных средств с корреспондентского счета Банка.

3.2. По Операциям, прошедшим обработку в рабочие дни, Банк переводит Перечисление Предприятию не позднее дня, следующего за отчетным рабочим днем, а по Операциям, прошедшим обработку в нерабочие дни, — не позднее первого рабочего дня, следующего за отчетным нерабочим днем. Во всех случаях, не урегулированных настоящим Договором, Стороны вправе согласовать иной срок для перевода Перечисления. Банк в одностороннем порядке вправе изменить срок перевода Перечисления.

3.3. Оплата комиссионного вознаграждения Банка в соответствии с п. 3.1. Договора производится путем удержания Банком суммы такого вознаграждения из суммы денег, подлежащей переводу на Текущий счет Предприятия, при этом, Предприятие получает сумму платежа после удержания комиссионного вознаграждения Банка.

3.4. Частичный или полный возврат средств по оплаченным Товарам/Услугам производится путем формирования Операции возврата. Возврат средств Держателю Карточки или Клиенту, а также компенсация в наличной или безналичной форме иными путями не допускается. Операция возврата является подтверждением возникновения у Предприятия перед Банком обязательства по возврату суммы Операции возврата. При совершении Операции возврата Комиссия, удержанная Банком ранее за совершение Операции оплаты, не возвращается.

3.5. В случае если Банк не учел в Перечислении сумму Операций возврата и/или не осуществил удержания из Перечисления суммы требований, а также любой задолженности, возникшей у Предприятия перед Банком, по основаниям, предусмотренным в настоящем Договоре, Банк направляет Предприятию уведомление об оплате соответствующей суммы Операции

сомасын төлегені туралы хабарлама жібереді. Кәсіпорын көрсетілген хабарламаны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарламада көрсетілген деректемелер бойынша хабарламада көрсетілген соманы Банкке аударуға міндеттенеді.

Тараптар Банктің жазбаша хабарлама жіберуі аударымды азайту үшін немесе кәсіпорынның қайтару операциясының сомасын және/ немесе талаптар және/немесе берешек сомасын Банкке аударуы үшін жеткілікті негіз болып табылатынын мойындайды. Егер талап ету сомасы шетел валютасымен мәлімделсе, онда төлеу/ұстап қалу Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлейтін / ұстап қалатын күнгі бағамы бойынша теңгемен жүзеге асырылады.

4. Кәсіпорынға тауарды/қызметті қайтару және қаражатты қайтару

4.1. Карточка Ұстаушының (бұдан кейін – Сатып алушы) тауардан/қызметтерден бас тартуы: қызметтен бас тарту/ тауарды қайтару процедурасы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес Сатып алушының бастамасы бойынша жүргізіледі.

4.2. Сатып алушыдан төленген қаражатты Сатып алушының банктік шотына қайтару туралы талапты алынғаннан кейін және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Кәсіпорын мен Сатып алушы арасында жасалған пайдаланушы келісімінің талаптарына сәйкес, Кәсіпорын:

4.2.1. Өзінің деректер базасы (кәсіпорынның тауарлары/қызметтері үшін есеп айырысудың автоматтандырылған жүйесі) бойынша тауардың/қызметтің төленуін тексереді, сондай-ақ оның күшін жою мүмкіндігін растайды;

4.2.2. Төлем операциясының күшін жою мүмкіндігін тексеру және растау сәтті өткен жағдайда (Шарттың 4.2.1-тармағы), қайтару операциясын жасау үшін деректерді қалыптастырады және Банктің АБК-не төлемнің бастапқы операциясының нөмірі мен сомасымен және техникалық құжаттамаға сәйкес өзге де деректермен бірге автоматты сауалды береді;

4.2.3. Банктің АБК-сі кәсіпорыннан осы Шарттың 4.2.2-тармағына сәйкес деректерді алған сәттен бастап қайтару операциясын жасау үшін деректер форматының дұрыстығын тексереді және алынған сауал белгіленген нормативтерге сәйкес келген кезде

возврата и/ или соответствующего требования и/или задолженности. Предприятие обязуется в течение 3 (трех) рабочих дней со дня получения указанного уведомления перечислить Банку указанную в уведомлении сумму по реквизитам указанным в уведомлении.

Стороны признают, что направление письменного уведомления Банком является достаточным основанием для уменьшения Перечисления или для перевода Предприятием Банку суммы Операции возврата и/ или суммы требований и/или задолженности. Если сумма требования заявлена в иностранной валюте, то уплата/удержание осуществляется в тенге по курсу Национального Банка Республики Казахстан на день уплаты/удержания.

4. возврат товара/услуги предприятию и возврат средств

4.1. Отказ Держателя Карточки (далее – Покупатель) от Товара/Услуги: процедура отказа от Услуги/ возврат Товара происходит по инициативе Покупателя в соответствии с действующими нормативно-правовыми актами.

4.2. После получения от Покупателя требования о возврате оплаченных средств на банковский счет Покупателя и в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан, а также согласно условиям пользовательского соглашения, заключенного между Предприятием и Покупателем, Предприятие:

4.2.1 Проверяет наличие оплаты Товара/Услуги по своей базе данных (автоматизированная система расчетов за Товары/Услуги Предприятия), а также подтверждает возможность ее отмены;

4.2.2. В случае успешной проверки и подтверждения возможности отмены Операции оплаты (пункт 4.2.1. к Договору) формирует данные для совершения Операции возврата и передает в АПК Банка запрос автоматический, вместе с номером и суммой исходной Операции оплаты и прочими данными согласно технической документации;

4.2.3. АПК Банка с момента получения от Предприятия данных в соответствии с пунктом 4.2.2 настоящего Договора проверяет корректность формата данных для совершения Операции возврата, и при соответствии полученного запроса установленным

Банктің АБК-нен қайтару операциясы өңделген күні сауал эмитент Банкке беріледі. Қайтару сомасының толықтығын қамтамасыз ету жауапкершілігі Кәсіпорында болады;

4.2.4. Банктен қайтару операциясының оң нәтижесі туралы растауды алғаннан кейін кәсіпорын қаражатты қайтару процедурасын аяқтайды. Егер растау 3 (үш) жұмыс күні ішінде алынбаған жағдайда, кәсіпорын Шарттың 4.3-тармағына сәйкес Банкке жазбаша сауал жіберуге бастамашылық жасайды.

4.3. Егер кәсіпорынға қайтару операциясын жүзеге асыру қажет болған жағдайда және мұны Шарттың 4.2.1-тармағында сипатталған өзара бірлесіп әрекет етудің стандарт тәртібінің аясында жүзеге асыру мүмкін болмаса (мысалы, жүйелер жұмысындағы іркілістер, қате жүргізілген операциялар анықталған жағдайда және т. б. жағдайлар), кәсіпорын сканерленген түрде Банкке support-ecom@bcc.kz электрондық поштасының мекенжайына осындай операцияны өңдеуге арналған Шарттың 5-қосымшасында белгіленген нысан бойынша операцияны орындау туралы тапсырмамен (егер қайтару операциясын жүзеге асыру қажет болса) хат жібереді: Мұндай операциялардың саны күнтізбелік айда 10 (оннан) аспауы мүмкін.

4.4. Ақша қаражатын қайтару туралы тапсырмаға қол қою және мөр бедерінің үлгілері бар карточкаға сәйкес қол қою құқығы бар тұлға қол қоюы және кәсіпорынның мөр бедерімен бекітуі тиіс.

4.5. Банк кәсіпорыннан алынған сауалды қарайды және мүмкіндік болған жағдайда, сұратылған операцияны жүргізуді жүзеге асырады. Мұндай Операция бұдан әрі өзара бірлесіп әрекет етудің стандарт тәртібінің аясында Шарт бойынша жасалған барлық басқа операцияларға ұқсас өңдеуден өтеді.

5. Chargeback / Dispute, шағым жасалған транзакцияларды өңдеу

5.1. Банк Chargeback / Dispute банкін алған (немесе бастамашы болған, егер Банк эмитент банк болса) жағдайда, Банк кәсіпорынға тауарды жеткізу немесе қызмет көрсету жөніндегі міндеттемелердің орындалғанын растайтын құжаттарды (құжаттардың тізбесі Шарттың 3-қосымшасында көрсетілген) Банкке беру туралы жазбаша талаппен (қағаз

нормативам, в день обработки Операции возврата из АПК Банка запрос передается в Банк-эмитент. Ответственность за обеспечение полноты суммы возврата лежит на Предприятии;

4.2.4. После получения от Банка подтверждения о положительном результате Операции возврата Предприятие завершает процедуру возврата средств. В случае если подтверждение не получено в течение 3 (трех) рабочих дней Предприятие инициирует письменный запрос в Банк в соответствии с п. 4.3. Договора.

4.3. В случае если Предприятию необходимо осуществить Операцию возврата, и это невозможно осуществить в рамках стандартного порядка взаимодействия, описанного в п. 4.2.1. Договора (например, в случае сбоя в работе систем, обнаружения ошибочных операций и т.п. ситуаций), Предприятие направляет письмо в отсканированном виде в Банк на адрес электронной почты support-ecom@bcc.kz с поручением на обработку такой Операции: Поручение об исполнении операции по форме, установленной Приложением №5 к Договору (если необходимо осуществить Операцию возврата). Количество таких операций возможно не более 10 (десять) в календарный месяц.

4.4. Поручение о возврате денежных средств должно быть подписано лицом, имеющим право подписи в соответствии с карточкой с образцами подписей и оттиска печати, и скреплено оттиском печати Предприятия.

4.5. Банк рассматривает полученный от Предприятия запрос и при наличии возможности, осуществляет проведение запрошенной Операции. Такая Операция в дальнейшем проходит обработку аналогично всем прочим Операциям, совершенным по Договору в рамках стандартного порядка взаимодействия.

5. Chargeback/Dispute, обработка претензионных транзакции.

5.1. В случае получения (или инициирования, если Банк является Банком-эмитентом) Банком Chargeback/Dispute, Банк обращается с письменным требованием (на бумажном носителе или в электронном виде) к Предприятию о предоставлении Банку документов, подтверждающих исполнение обязательств по поставке Товара или оказанию

тасымалдағышта немесе электрондық түрде) жүгінеді.

5.2. Кәсіпорын Банкке Шарттың 5.1-тармағына сәйкес талап етілген құжаттарды Банк осындай ұсыну туралы талапты жібергеннен кейін 3 (үш) банктік күн ішінде ұсынуы тиіс.

5.3. Кәсіпорында Шарттың 5.1., 5.2-тармақтарына сәйкес Банкке ұсыну үшін қажетті құжаттар болмаған жағдайда, немесе Шарттың 5.2-тармағында көрсетілген мерзімде ұсынылмаған жағдайда, немесе кәсіпорын Карточка ұстаушының алдында өз міндеттемелерін орындамау немесе тиісті дәрежеде орындамау фактісіне сәйкес болған жағдайда, немесе Транзакция ХТЖ-да сөзсіз алаяқтық деп танылған жағдайда және ХТЖ тарапынан Банкке тиісті санкциялар тағайындалған жағдайда, Банк кәсіпорын қаражатының есебінен карточка ұстаушыға қайтарылуы тиіс төленген тапсырыстың сомасын қайтарады. Кәсіпорын осымен Банктің карточка ұстаушыға Банкте ашылған кәсіпорынның шотындағы ақшаның есебінен, сондай-ақ кәсіпорынның пайдасына төлемдер негізінде кәсіпорынның шотына аударылуға тиісті ақша есебінен соманы қайтару үшін төленген тапсырыс сомасын ұстап қалуына өз келісімін білдіреді.

5.4. Егер 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Банк кәсіпорынның пайдасына төлемдердің болмауы себебінен Шарттың 5.3-тармағында көзделген тәртіппен төленген тапсырыс сомасын ұстай алмаса немесе кәсіпорынның пайдасына төлем сомасы мосылай ұстап қалу үшін жеткіліксіз болса, немесе кәсіпорынның шотындағы ақша сомасы ұстап қалуға байланысты жеткіліксіз болса кәсіпорын шотынан үшінші тұлғалардың нұсқауларын орындай отырып, Банк:

- Қазақстан Республикасының заңнамасында, Шартта және Банктің ішкі құжаттарында көзделген құжаттардың негізінде кәсіпорынның Банкте ашылған кез келген банктік шоттарын, оның ішінде Кәсіпорынның шоттарын тікелей дебеттеу арқылы төленген тапсырыстың сомасын есептен шығаруға және/немесе

- Банкте немесе Қазақстан Республикасында немесе одан тысқары жерлерде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын кез келген басқа банктер мен ұйымдарда ашылған кәсіпорынның банктік шоттарына төлем талаптарын қоюға құқылы.

